

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 476 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 560 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) тақырыбы мен мәтінінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың" деген сөздер "мемлекет кепілдік берген қарыздардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

тақырыбында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың" деген сөздер "мемлекет кепілдік берген қарыздардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Айтжанов - Қазақстан Республикасының Ауыл

Дулат Нулыұлы шаруашылығы вице-министрі;

Гусинский - Қазақстан Республикасы Парламентінің

Александр Владимирович Сенаты Экономика, қаржы және бюджет

жөніндегі комитетінің мүшесі (келісім

бойынша);

Кәкішев - Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жандарбек Шәмілұлы Сенаты Аймақтық даму және жергілікті

өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі
комитетінің мүшесі (келісім бойынша);
Бәжеев - Қазақстан Республикасының Бас
Амантай Бәжейұлы прокуратурасы Департамент бастығының
орынбасары (келісім бойынша);
Раев - Қазақстан Республикасының Әділет
Мұрат Құмарұлы вице-министрі;
Молоканов - "Қазақстан Эксимбанкі" ашық
Александр Александрович акционерлік қоғамы басқармасы
төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
Сәпиев - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"
Еркебұлан Оңалбекұлы жабық акционерлік қоғамының басқармасы
төрағасының бірінші орынбасары (келісім
бойынша);

мына:

"Свечников - Қазақстан Республикасының
Вячеслав Иванович Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік
құқықтық бөлімі құқықтық тәртіп және
заңдылық секторының меңгерушісі (келісім
бойынша);

Ыбырайымов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Рүстембек Қуатәліұлы министрлігі Мемлекеттік борыш және
кредит беру департаментінің директоры
орынбасарының міндетін атқарушы, хатшы;"
деген жолдар

мынадай редакцияда жазылсын:

"Свечников - Қазақстан Республикасының Президенті
Вячеслав Иванович Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық
бөлімінің мемлекеттік инспекторы
(келісім бойынша);

Ыбырайымов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Рүстембек Қуатәліұлы министрлігінің Мемлекеттік борыш және
кредит беру департаменті директорының
орынбасары, хатшы;"

көрсетілген комиссияның құрамынан: Лилия Сәкенқызы Мусина, Ермекқали
Аққалиұлы Биғалиев, Сәкен Спаханұлы Сейдуалиев, Сейітсұлтан Сүлейменұлы
Әйімбетов, Құралай Сейсембайқызы Жұмамбаева, Теміржан Қадырбекұлы
Мейрамбеков шығарылсын.

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

тақырыбы мен мәтінінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарға", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заемдардың" деген сөздер тиісінше "мемлекет кепілдік берген қарыздардың", "мемлекет кепілдік берген қарыздарға"

деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"банктердің өкілдері" деген сөздерден кейін "және өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң